

917 КБ

Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ,
химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік
пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі салалық комиссияның
2024 жылғы 01 қарашадағы
№ 4-2024 хаттамасымен бекітілді

**2023 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының
мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы
әлеуметтік әріптестік салалық келісімге
№ 3 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінде
2024 жылғы «25» қараша
№ 112 тіркелген
Алғабасов Ә.Т. ау

Астана қ., 2024 жыл

**2023 – 2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы әлеуметтік
әріптестік салалық келісімге
№ 3 қосымша келісім**

Астана қаласы

2024 жылғы «01» 11

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2024 жылғы 01. 11. № 4-2024 хаттамасына, 2023-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.2-тармағына сәйкес,

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыс берушілері, олардың өкілетті өкілі атынан: салалық қауымдастық «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «PetroMining» ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – Жұмыс берушілер);

- мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыскерлері атынан, олардың өкілетті өкілдері: «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақтар),

бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, ал жеке-жеке – жоғарыда көрсетілгендей, Салалық келісімге осы № 3 қосымша келісім (бұдан әрі – Қосымша келісім) жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгеріс енгізуге келісті:

1. «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» VIII-бөлімінің 8.1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мүмкіндік болған кезде қысқартылатын жұмыскерлерді жұмыс беруші филиалдарын, өкілдіктерін және (немесе) өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін қоса алғанда, жұмыс беруші ұйымының ішіндегі бос орындарға тиісті біліктілігіне, мамандығына немесе кәсібіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес келетін ұқсас лауазым бойынша ауыстырады;».

2. Осы Қосымша келісімде қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгеріссіз қалады және Тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

3. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 8 (сегіз) данада жасалды. Сала ұйымдарында Жұмыс берушілер мен Кәсіподақтар осы Қосымша келісімді қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде жұмыскерлердің назарына жеткізуді бірлесіп қамтамасыз етеді.


4. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.

5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі

Төраға


 С. Қалиев

«Қазақстан мұнай-газ салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Төраға


 Е. Мұстафина

«Химия, мұнай-химия және өнеркәсіптің
туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық
кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Төраға


 К. Пірімқұлов

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛІ:

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ
және энергетика кешені ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

Бас директор


 Ж. Нұрмағанбетов

«Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер
мен тұтынушылар қауымдастығы»
заңды тұлғалар бірлестігі

Бас директор


 Ф. Толқымбаев

«PetroMining» ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
Президент



С.Боранбеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының
Энергетика вице-министрі



Ә. Жамауов

Балгожинов Д.З.

Ахмурзаев Д.Ж.